

немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының, жергілікті атқарушы органның талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

#### 4. Мемлекеттік мекемені басқару

42. Мемлекеттік мекемені жалпы басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

43. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекеменің жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді жүзеге асырады;
- 3) коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;
- 4) мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады.

44. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспарын бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, қалыптасу тәртібін және өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін айқындайды;
- 4) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны атқаратын лауазымынан босату негіздерін айқындайды;
- 5) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;
- 6) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;
- 7) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде ол сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісім береді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

45. Мемлекеттік мекеменің басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, тиісті саланың уәкілетті органы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

46. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және басқарады, тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды